

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ сапа менеджменті жүйесінің даму тарихы

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-да (ОҚМА АҚ) ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкес сапа менеджмент жүйесінің тиімді жұмыстарын жүргізу, талдау және дамуы бойынша қызметтерді Мониторинг және сапа менеджменті жүйесі секторы (МжСМЖС) қамтамасыз етеді. ОҚМА АҚ-ғы сапа менеджмент жүйесінің қолдану аясы медицина және фармацевтика саласындағы жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және орта кәсіби білім саласындағы білім беру үрдістерін, клиникалық және ғылыми-клиникалық жұмыстарын қамтиды.

2005 жылы қыркүйек айында ҚР Президентінің іс басқармасы медицина орталығының ИСО 9001-2000 (ҚР СТ ИСО 9001-2001) халықаралық стандарттар серияларын енгізу бағдарламасының шеңберінде, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясында (ОҚМФА) Қазақстан Республикасы медициналық және фармацевтикалық білімін реформалау тұжырымдамасының талаптарын жүзеге асыру мақсатында сапа менеджмент жүйесін құру және ендіру жұмыстары басталды. Ең алдымен, жоғары оқу орындарының сапа менеджменті жүйелеріне тән үдерістер анықталып, біріздендірілді және жіктелді. 2006 жылдың маусым айында ОҚМФА халықаралық «National Quality Assurance Limited» (NQA) компаниясы тарапынан сертификаттау аудитінен сәтті өтіп, оның нәтижесі бойынша ISO 9001:2000 халықаралық стандартына сәйкестігі жөніндегі халықаралық сапа сертификаты берілді. ОҚМФА 2009, 2012 және 2015 жылдары ISO 9001:2008 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігі жөнінде қайта сертификаттаудан сәтті өтті. 2016 жылы «SGS» халықаралық сертификаттау органындарының өкілдері жылсайынғы қадағалау аудитін жүргізді. Сертификаттау аудитінің нәтижелері бойынша ОҚМФА СМЖ-нің нәтижелігін жақсартып, оның тұтастығы мен дамуын қамтамасыз ететіндігін дәлелдеді.

Сапа менеджмент жүйесі моделін жетілдіру және оңтайландыру мақсатында 2017 жылы ОҚМФА-да ISO 9001:2015 халықаралық стандартының жаңа нұсқасын қолдану бойынша сыртқы аудит жүргізілді. Аудит қорытындысы бойынша ОҚМФА қызметі ISO талаптарына сәйкес екендігі бағаланып, «Русский регистр» сертификаттау қауымдастығының (Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы) халықаралық үлгідегі сертификаты берілді.

Сапа менеджменті жүйесі үрдістерінің дамуын және жақсартылуын талдау мақсатында, «Сапа менеджментінің ішкі аудиторы» бағдарламасы

бойынша сертификатталған ОҚМА АҚ-ның қызметкерлері жылсайын ішкі аудит жүргізеді.

ISO 9001:2015 халықаралық стандартына сәйкес әзірленген, бекітілген және енгізілген сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты ОҚМА АҚ-ғы білім беру үрдістерінің барлық кезеңдерінде әдістемелік пайдалануды және талдауды қамтамасыз етеді.